

# 25 қазан РЕСПУБЛИКА КҮНІМЕН!




# ҚАЗАҚСТАН ТЕМІРЖОЛШЫСЫ

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӨЛІК-ЛОГИСТИКАЛЫҚ БАСЫЛЫМ
1931 ЖЫЛДЫҢ 12 МАМЫРЫНАН ШЫҒА БАСТАДЫ

№88-89 (3127-3128)
24/10/2025




## *Құрметті әріптестер!*

*Сіздерді Республика күнімен шын жүректен құттықтаймын!*

*Бұл мереке – халқымыздың тәуелсіздігінің, бірлігінің және ұлттық абыройының нышаны.*

*Бұл күн бізге еліміздің егемендік алғаннан бергі жүріп өткен даңқты жолын еске салады. Бүгінде Қазақстан экономикасын нығайтып, инфрақұрылымды дамытып, азаматтардың өмір сүру сапасын арттыра отырып, сенімді қадаммен алға жылжуда. Осы даму жолында теміржол саласы ерекше маңызға ие – ол ұлттық экономиканың тірегі әрі өңірлерді байланыстыратын алтын көпір.*

*Әрқайсыңыз өз еңбегіңізбен көлік жүйесінің дамуына үлес қосып, пойыздардың үздіксіз қозғалысын, сенімді логистиканы және экономиканың тұрақтылығын қамтамасыз етесіздер. Темір жол қалалар мен адамдардың жүрегін жалғап, еліміздің бірлігі мен өркендеуіне қызмет етуде.*

*Барлық теміржолшыларға кәсібилігі, адалдығы және жауапкершілігі үшін алғыс айтамын.*

*Бұл мереке баршамызға шабыт пен жігер беріп, Отанымыз – Қазақстанның игілігі мен болашағы жолында жаңа жетістіктерге жетелей берсін!*

***Талғат АЛДЫБЕРГЕНОВ,***
***«ҚТЖ» ҰК» АҚ басқарма төрағасы***

# ДОСТЫК – МОЙЫНТЫ: ТРАНЗИТНАЯ МОЩЬ КАЗАХСТАНА

**После введения в эксплуатацию второго пути на участке Достык – Мойынты, одном из важнейших железнодорожных направлений страны, здесь наблюдается ощутимый прирост пропускной способности.**



Это стало мощным шагом на пути к укреплению Казахстана как ключевого транзитного моста между Востоком и Западом. На данный момент по новым вторым путям уже пропущено 487 грузовых и 195 контейнерных поездов, что составляет в среднем 23 поезда в сутки; по старым путям – 505 грузовых и 177 контейнерных поездов, или 24 поезда в сутки.

Общая суточная пропускная способность участка составила 47 поездов, что является высокоэффективным показателем и подтверждает надежность всей инфраструктурной системы. В настоящее время движение поездов осуществляется в штатном режиме без задержек и ограничений.

Железнодорожный коридор Достык – Мойынты является стратегически важным для Республики Казахстан, так как соединяет крупнейшие логистические узлы и обеспечивает транзит грузов между Китаем, странами Центральной Азии, Российской Федерацией и Европой. Этот участок – часть глобального транспортного проекта «Один пояс, один путь» и основной магистрали ТМТМ. Уже очевидно, что он определяет геоэкономическое будущее региона.

В условиях устойчивого роста глобального транзита, углубления экономических связей между Азией и Европой и перенаправления торговых потоков на сухопутные маршруты именно Казахстан получил уникальную возможность стать центральным звеном Евразийского транспортного коридора.

Не воспользоваться этой возможностью – означало бы упустить исторический шанс. В то время как мировая логистика сталкивается с вызовами – от перегрузки морских портов до политических нестабильностей – Казахстан благодаря инфраструктурным модернизациям предлагает стабильность, надежность и скорость.

По данным аналитиков, данный проект – вклад в экономику и национальную безопасность. Инфраструктурные проекты такого масштаба – это не просто строительство путей, это вклад в экономику, создание рабочих мест, привлечение инвестиций, рост экспортного потенциала и укрепление национальной логистической независимости.

Модернизация участка Достык – Мойынты – шаг к формированию сильной транспортной экосистемы страны, направленной на обеспечение устойчивого экономического роста, расширение международного сотрудничества и повышение конкурентоспособности Казахстана на мировой арене.

*Асель ШАЙХЫНОВА*

# ЕГЕМЕН ЕЛДІҢ БАС ҚҰЖАТЫ

**Бұл – еліміздің тәуелсіз мемлекет ретінде қалыптасуының бастауы болған ұлық күн. Халқымыздың азаттығы мен егемендігін айқындайтын тарихи белес. Бұл – қазақ елінің әрбір азаматын мақтанышқа бөлейтін, бірліктің, татулық пен тұрақтылықтың мерекесі.**

1990 жылы 25 қазанда Қазақстан Республикасының Мемлекеттік егемендігі туралы Декларациясы қабылданып, ғасырлар бойы азаттықты аңсап, «мың өліп, мың тірілген» халқымыз тәуелсіздікке жол ашқан алғашқы қадамын жасады. Болашаққа бағдар болған бас құжат – Егемендік декларациясы қазақ елінің жаңа тарихының бетін ашты. Қазақ мемлекетінің егемендігі туралы құжат қабылданған 25 қазан – Республика күні мерекесі болып жарияланды. Тәуелсіз елдің ең ұлық мерекесін бүгінгі таңда қазақстандықтар әлемге өз үнін танытқан, экономикасы дамып, мәдениеті өркендеген мемлекетте қарсы алып отыр. Ол – бүгінгі Қазақстан, бейбітшілік пен келісім ордасы, білім байлығы мен адал еңбекті ту еткен ұлттың мекені.

Бүгінгі Қазақстан – әлем елдерінің даму деңгейін айқындап отырған сауда және экономикалық байланыс жолын, тиімді транзиттік маршруттар желісін қалыптастырып отырған мемлекет. Еуразия құрлығының тиімді белдеуінде орналасқан Қазақстан арқылы әлемнің ірі сауда нарықтарына жол ашатын 5 теміржол дәлізі өтеді. Осы халықаралық теміржол дәліздері арқылы соңғы он жылда контейнерлік транзит көлемі еселеп артып, Мемлекет басшысының жолдауында айтылғандай, Қазақстанды Еуразияның басты көлік-логистикалық хабына айналдыру жоспары жүзеге асырылуда.

Ал осынау батыл идеяны арманнан ақиқатқа айналдыруды басты мұраты мен мақсатына балаған «Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы ұлан-ғайыр қазақ даласына домбыраның қос ішегіндей тартылған жалпы ұзындығы 16 мың шақырымнан астам, ал жайылмалы ұзындығы 21 мың шақырымға жететін еліміздің магистральдық теміржол желісіне иелік ете отырып, жүк және жолаушылар тасымалының негізгі басым бөлігін жүзеге асыратын және теміржол көлігімен байланысты қызметтердің толық спектрін ұсынатын елдегі ең ірі көліктік-логистикалық холдинг болып табылады.

«ҚТЖ» ҰК» АҚ-ның жүз мыңнан асатын еңбек ұжымы, отандық теміржол көлігінің дамуы жолында аянбай қызмет етіп, жүк және жолаушы тасымалының қауіпсіз қозғалысын қамтамасыз етіп отыр.



**Арзыбек КОЖОШЕВ,**
министр по энергетике и инфраструктуре ЕЭК:

**«ЕАЭС АКТИВНО ВЗАИМОДЕЙСТВУЕТ С ГЛОБАЛЬНЫМИ ИНИЦИАТИВАМИ, ВКЛЮЧАЯ ПРОЕКТЫ «ОДИН ПОЯС, ОДИН ПУТЬ», СЕВЕРНЫЙ МОРСКОЙ ПУТЬ И ТРАНСКАСПИЙСКИЙ МАРШРУТ. СЕГОДНЯ УСКОРЯЕТСЯ РАЗВИТИЕ КОРИДОРА СЕВЕР – ЮГ ОТ БАЛТИКИ ЧЕРЕЗ КАСПИЙ К ИНДИЙСКОМУ ОКЕАНУ. МОДЕРНИЗАЦИЯ ПОРТОВ АСТРАХАНИ И АКТАУ, А ТАКЖЕ СТРОИТЕЛЬСТВО НОВЫХ ЖЕЛЕЗНЫХ ДОРОГ УЖЕ ДАЮТ ПОЛОЖИТЕЛЬНЫЙ ЭФФЕКТ ДЛЯ РОСТА ГРУЗОПОТОКА»**

# ҚЫЗЫЛЖАР ЖОБАСЫНАН НЕ КҮТЕМІЗ?

**Өткен айда 836 км құрайтын, құрылысы үш жылға созылған Достық – Мойынты темір жолының екінші желісі іске қосылды. Бүгінде Мойынты мен Қызылжар арасында теміржол құрылысы басталды.**

**Ұлан ОРАЗ,**
Астана

Одан әрі Ақтау портына дейінгі жолдар түгел жаңғыртылады. Бұл – Қазақстанның көлік транзитіндегі рөлі мен салмағын айқындап отырған Транскаспий халықаралық көлік дәлізінің маңызды бөлігі болып табылады.

Сонымен Достық – Мойынты темір жолының жалғасы Қызылжар жобасынан не күтеміз? Бүгінде жоба құрылысы қарқынды жүріп жатыр. Мойынты – Қызылжар бағытында рельс табанына қажет 14 млн текше метр топырақтың 85 пайызы төселді. Мамандар жобаны мерзімінен бұрын аяқтауды көздеп отыр.

Мойынты – Қызылжар темір жолының жалпы ұзындығы 323 км. Оның 175 шақырымы Ұлытау облысы аумағынан өтеді. Қазірдің өзінде жер жұмыстарының 80 пайызы аяқталып, бір айдың көлемінде теміржол рельстерін төсей бастайды. Қазір қажетті шпал мен рельстер арнайы базада дайындалып жатыр. Теміржол құрылысы екі бағыттан қатар басталып, жоба аясында Қызылжар мен Мойынты станциялары кеңейтіліп, жаңғыртудан өтеді. Одан бөлек Қаражал қаласы мен Ақтау ауылында жаңадан станция салынады деп күтілуде.

Сарапшылардың пайымдауынша, жаңа жол жүк тасымалын ұлғайтуға мүмкіндік беріп, тауарларды жеткізу мерзімін бірнеше есе қысқартады. Қазір Қытай Еуропаға бірнеше жолмен тауар жеткізіп отыр. Олардың барлығы алыс және қауіп-қатерсіз емес. Ал құрлық жолы екі тарап үшін де тиімді болып отыр. Қытай тауары қазақ жерімен Каспийден өтіп, әрі қарай Кавказ елдері арқылы Қара теңізге шығып кете алады.

Мамандардың айтуынша, теміржол желісі транзиттік тасымалды жеңілдетіп қана қоймай, өңірлік экономикаға да тың серпін береді. Өндірісті өңірдің өнімін нарыққа шығаруға мүмкіндік кеңейеді. Қазақстанның транзиттік әлеуетін көбейтеді. Қазақстанның темір жолы арқылы енді жүк тасымалы бірнеше миллион тоннаға артады. Жұмыс қыста да тоқтамай жүре беретін болады. Жоба келесі жылдың аяғында тапсырылады деп жоспарланып отыр.

# ТЕПЛО ГАРАНТИРОВАНО

ПЕРЕВОЗКИ

**Население Казахстана полностью обеспечено запасами коммунально-бытового угля к отопительному сезону. Перебоев с подачей и развозом вагонов нет, сообщили в АО «НК «ҚТЖ».**

Мониторинговые группы Қазақстан темір жолы провели обход угольных тупиков страны, осуществляющих выгрузку коммунально-бытового угля для населения.

Проверка показала, что на складах накоплено около 570 тысяч тонн твердого топлива. Запасы коммунально-бытового угля для населения обеспечены в полном объеме. Проблем с обеспечением, подачей и развозом не зафиксировано. Со стороны ҚТЖ приняты меры по обеспечению бесперебойной доставки вагонов с коммунально-бытовым углем.

В перевозке угля задействовано более 18 тысяч полувагонов АО «Қазтеміртранс». В пиковые периоды количество используемых вагонов достигает 20 тысяч.

Работа по обеспечению ТЭЦ и населения твердым топливом в компании всегда ведется заблаговременно. В ҚТЖ действует круглосуточный штаб для мониторинга и эффективной координации перевозок угля.

*Махаббат НЕГЕМБАЕВА*

## САНДАР СӨЙЛЕЙДІ:

БИЫЛ ЕҢБЕК ҚОРҒАУ, ӨНЕРКӘСІПТІК ҚАУІПСІЗДІК ЖӘНЕ ЭЛЕКТР ҚАУІПСІЗДІГІ КУРСТАРЫ БОЙЫНША

**11 000**

АСТАМ АДАМ ОҚЫТЫЛДЫ.

СОҢҒЫ БЕС ЖЫЛДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ АРҚЫЛЫ ТРАНЗИТТІК ЖҮК ТАСЫМАЛЫНЫҢ КӨЛЕМІ

**70**

ПАЙЫЗҒА АРТТЫ.

STADLER ЗАУЫТЫНАН 2030 ЖЫЛҒА ҚАРАЙ

**557**

ЖАҢА ҚҰРАМ ПАЙДАЛАНУҒА БЕРІЛЕДІ ДЕП КҮТІЛУДЕ.

# ҚОЛАЙЛЫ СЕРВИС ҰСЫНАДЫ

Ұлан ОРАЗ,
Астана

ЦИФРЛАНДЫРУ

**«Жолаушылар тасымалы» АҚ жолаушыларға қызмет көрсетудің сапасы мен қолайлылығын арттыру мақсатында цифрлық және сервистік шешімдерді жүйелі түрде дамытып келеді. Бүгінде Ұлттық тасымалдаушы күн сайын мыңдаған жолаушы қолданатын ең қажетті ТОП-5 сервисті ұсынады.**



Біріншісі, пойыз қозғалысының онлайн-таблосы – tablo.railways.kz. Онлайн-табло арқылы жолаушылар пойыздардың қозғалысын нақты уақыт режимінде бақылап отыра алады. Мұнда пойыздың кестесі, орналасқан жері, келу және жүру уақыты, сондай-ақ мүмкін болатын кідірістер туралы ақпарат қолжетімді. Бұл сервис жолаушыларға сапарын тиімді жоспарлауға мүмкіндік береді.

Екіншісі, билеттерді сату сайты – bilet.railways.kz. Бұл – теміржол билеттерін онлайн сатып алуға арналған компанияның ресми сайты. Қызмет тәулік бойы жұмыс істейді және сайт арқылы билет сатып алған жағдайда ешқандай комиссия ұсталмайды. Жолаушылар өзіне ыңғайлы бағытты, отыратын орындарын таңдап, электронды билет сатып ала алады. Бұл сервис кассаға бару қажеттілігін болдырмай, уақытты үнемдеуге жағдай жасайды.

Үшіншісі, бірыңғай байланыс орталығы – 1433. Тәулік бойы тегін қызмет көрсететін байланыс орталығы жолаушылардың барлық сұрақтарына жедел жауап береді. Орталық мамандары пойыз кестесі, багаж тасымалдау ережелері, билетті қайтару тәртібі және басқа да қызмет көрсету мәселелері бойынша кеңес береді.

Төртінші, WhatsApp арқылы шағымдар мен ұсыныстар жолдау – +7 776 714 5686. Қызмет сапасын жақсарту және жолаушылармен тікелей кері байланыс орнату мақсатында WhatsApp-чат іске қосылған. Жолаушылар бұл чатқа өз шағымын, ұсынысын немесе пікірін жолдай алады. Сонымен қатар пойыздардың ішінде орналастырылған QR-кодтарды сканерлеу арқылы бірден WhatsApp-қа өтіп, хабарлама қалдыруға болады. Бұл жүйе жолаушылардың өтініштеріне жедел жауап беруге және олардың пікірін ескере отырып, қызмет сапасын жетілдіруге мүмкіндік береді.

Бесіншісі, Darmen – жол жағдайы мен ауа райын бақылау жүйесі. Darmen қосымшасы жолаушыларға ауа райы мен жол жағдайын бақылап отыруға көмектеседі. Бұл сервис сапарды жоспарлау кезінде қауіпсіздік пен жайлылықты арттыруға ықпал етеді.

# ҚАРАШАҒА ДЕЙІН ЖАЛҒАСАДЫ

Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,
Қызылорда

КҮРДЕЛІ ЖӨНДЕУ

**Сыр елінің теміржолшылары бүгінгі таңда күрделі жөндеудің жауапты кезеңін өткеріп жатыр. Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің оңтүстігіндегі үш учаскенің екеуі толық аяқталып, ендігі Ақмая – Шиелі телімінде рельс тізбектерін төсеу жұмыстары қарқын алған.**



Бөлімше басшылығы назарында тұрған күрделі жөндеу жұмыстары бекітілген жоспарға сай жалғасуда. Алдағы екі толаскез кезеңінде 3 шақырымдық аумақтағы рельстік жаңарту мен жол төсемін нығайту жұмыстары тиянақталады деп күтілуде.

Жол табанын сүріп-тегістейтін ауыр техникалар: МПД, ПЛ, УК, ЭЛБ, ВПО секілді заманауи жол машиналары, қиыршық тас таситын төсеп-тегістейтін, жол табанын таптайтын жылжымалы құрам, рельс-шпал решеткаларын жеткізуші платформалар, 5 ауыр салмақты бульдозер, 2 автогрейдер, 5 автокөлік – бәрі де жол табанын жаңарту жұмысына жегілген. Құрылыс жұмыстарының басында 45 жол жөндеуші, 30-ға жуық механизатор, 6 орта буын жетекші мамандар еңбек майданында иық тіресе жұмыс атқаруда.

– «Integra Construction KZ» ЖШС-нің Батыс дирекциясы 2025 жылға арналған жоспар бойынша Қызылорда облысында 32,82487 км теміржолға күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуде. Қаракеткен мен Қараиірім станциялары арасында 5,5909 км,Төменарық станциясы мен Бөрітескен бекеті аралығында 8,9482 км, Екпінді бекеті мен Төменарық станциясы арасында 8,19 277 км жолға жаңа отандық рельс тізбектері төселді. Енді Шиелі станциясы мен Ақмая бекеті аралығында 10,093 км жол жаңартылып жатыр, – дейді мердігер мекеме басшысы Дәурен Сұлтамұратов.

Шиелі – Ақмая – Екпінді учаскесіндегі күрделі жөндеу қараша айының соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда.

*Суретті түсірген автор*

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

**Жұмысшы мамандықтар жылы аясында және 25 қазан – Республика күні мерекесіне орай Семей ЖТ бөлімшесіне қарасты Семей локомотив пайдалану деполсында «Жыл машинисі» үздіктер байқауы ұйымдастырылды.**

# ЖЫЛ МАШИНИСІ АНЫҚТАЛДЫ

Қуаныш ҚОЖАЕВ,
Семей




Басты ерекшелік сол, байқаудың талаптары өте қатаң болды. Атап айтсақ, тепловоз машинисі қызметінде ең кемі бір жылдан кем емес еңбек өтілі бар әрі осы уақыт аралығында бірде-бір рет маневрлік жұмыс барысында ақаулықтарға жол бермеген үлгілі теміржолшылар ғана қатысуға мүмкіндік алды. Бұл орайда арнайы құрылған комиссия мүшелерінің ұзақ уақыт талқылауынан соң Семей ТЧЭ-24 мекемесінен бес, ТД-18 Дегелең айналым деполсынан бір тепловоз машинисі байқауда бақ сынауға жолдама ала алды.

Ал байқау басталған күні барынша даярлықпен келген машинистер қатаң талапқа негізделген сыннан өтті. Депо басшысының орынбасары Жанат Ахметовтің алғысөзі мен құттықтау лебізінен соң бәйгеге түскелі отырған машинистерге тест сұрақтары ұсынылды. Десек те, ең күрделі тапсырмалар практикалық жұмыс кезінде берілді. Байқауға қатысушылар комиссия мүшелерінің тепловоз конструкциясының бөлшектері бойынша қойылған сауалдарына жауап беріп, оны көрсетіп берді. Сондай-ақ автотежегішті меңгеру бойынша білім-білік деңгейлерін де сынға салып, әсіресе пойыз қозғалысының қауіпсіздігін сақтау мен стандартты емес жағдайларда әрекет ету жайлы сұрақтарға жауап қайырды.

Жалпы, байқау барысында машинистер қауымы еңбекті қорғау нұсқаушысы, аға машинист-нұсқаушы және цех комитеті төрағасының да сынақтарынан өтті.

Айта кетерлігі, комиссия құрамындағы жеті адам байқау қатысушыларына арнайы балл бойынша бағалар белгілеген болатын. Осылайша, жиналған ұпай санын есептеп, қорытындылай келе, Семей локомотив пайдалану деполсы бойынша «Жыл машинисі» байқауының жеңімпазы болып тепловоз тізгіндеген Ерлан Дюсенбинов лайық деп танылды. Жұлдызы жанған жеңімпазға деполның кәсіподақ ұйымының демеушілігімен 30 мың теңге сыйлық тарту етілді. Сондай-ақ екінші және үшінші орын алған машинстерге де кәсіподақ тарапынан арнайы тарту-таралғылар жасалды.

Байқау комиссиясының мүшесі Серік Дүйсенбаевтың айтуынша, бұл сын – мекеме ішіндегі іріктеу кезеңі. Жеңімпаз атанған үздік үштікті алдағы уақыттарда бұдан да үлкен бәсекелер күтіп тұр. Яғни бұл сайыс жергілікті локомотив шаруашылығының майталмандарын ынталандырып, кәсіби тұрғыдан шыңдап, жаңа биік-белестерге жетелей түседі деген сөз.

*Суретті түсірген автор*

# МАНКЕНТ – МАҢЫЗДЫ ТОРАП

**Шымкент іргесіндегі Манкент станциясы тәулік бойы тыным таппайтын өндірістік ырғақтың үлгісі секілді. Шағын станция саналғанымен, облыс орталығына кіретін қақпа болғандықтан шаруасы шаш етектен.**



Нұрлыбек ДОСЫБАЙ,
Шымкент



Пойыз құрастырушылар мен маневрлік локомотив тынымсыз жұмыс істейді, бір сәт аялдап, тынығуы мүмкін емес. Себебі станцияға бір ғана тепловоз басыбайлы бекітілген. Сондықтан тапсырманы тиянақты орындауды мақсат еткен машинистер тепловозға тыным бермей, станция кезекшісі мен пойыз құрастырушылар тәулік бойы еңбек етеді.

Манкент станциясында ауысыммен еңбек ететін 5 пойыз құрастырушы мен 3 машинист бірінің жұмысын бірі іліп әкетіп, станцияға келген жылжымалы құрамнан вагондарды ағытып, жүктерді тиісті мекемелерге уақытылы жеткізуді қамтамасыз етеді.

Теміржол қозғалысын үйлестіріп отыратын басқару пультінде 5 станция кезекшісі кезекпен жұмыс істейді. Олар вагон қозғалысын реттеп, жан-жаққа бағыттап, әрбір құрамның қауіпсіз қозғалысын жіті қадағалайды. Машинистік құрам да дәл осы жүйемен – 12 сағаттық ауысыммен жұмыс істейді.

Манкент станциясы арқылы өткен айда 180 жүк пойызы жөнетіліп, 1834 вагон тұйық жолдарға жеткізіліп, түсірілген. Сонда тәулігіне орта есеппен 6 вагон жүк жөнелтіледі деген сөз. Оның ішінде негізгі экспорттық тауар ұн екен. Бұл өнім жергілікті «Асыл LTD» компаниясының диірменінен тиеліп, теміржол арқылы Өзбекстан, Тәжікстан мен Ауғанстанға бағыт алады.

Аймақта кең көлемде өсірілетін мақсары да экспорттық әлеуеті жоғары өнім саналады. Сайрам ауданының диқандары бұл өсімдікті көптеп егіп, күзде мол өнім жинап, Тәжікстан, Өзбекстан мен Қытайға экспорттайды.

Ал станцияға түсірілетін вагондар ішінде ең көбі цистерналар көрінеді. Яғни бұл жерге мұнай мен газ өнімдері көптеп жеткізіледі деген сөз. Себебі Шымкент қаласына жақын орналасқан станция маңында ірі газ және жанар-жағармай қабылдайтын кәсіпорындар бар.

– Бұдан бөлек, бізге мал азығы да жиі келеді. Бұл станцияға Қарабұлақ мал базарының орналасуымен байланысты. Солтүстік өңірлерден жем-шөп түрлері вагонмен тасымалданып, жергілікті тұрғындардың сұранысын қамтып отыр, – дейді станция бастығы Қуаныш Табеев.

Демек, үшінші мегаполистің іргесіндегі Манкент станциясының жұмысы бір сәтке де тоқтауы мүмкін емес, оның соңы үлкен салдарға әкелуі мүмкін. Сондықтан да шағын ғана ұжымы бар маңызды торап жұмысы тоқтаусыз жалғасуда. Ұжымдық ұйымшылдық пен техникалық әлеуеттің үйлесімі – станция жұмысының негізгі қозғаушы күші.

*Суреттерді түсірген автор*

# ЖОЛ ТЕХНИКАЛАРЫ САПҚА ҚОЙЫЛДЫ

ҚЫСҚА ДАЙЫНДЫҚ

**Семей ЖТ бөлімшесі бойынша алдағы қысқы маусымға даярлық шаралары аясында жол машиналары да күрделі жөндеуден өтіп, әзірліктің соңғы сатысына келтірілді. Сонымен қатар жол бойындағы жұмыстар үшін қосымша техникалар сатып алынуда.**

Қуан ЕРТІС,
Семей



Мәселен, осыдан біраз бұрын Аягөз станциясындағы қалпына келтіру пойызына Киров машина жөндеу зауытынан шыққан, жүк көтергіштігі 150 тонна болатын жаңа КЖ-1572Б гидравликалық рельсті кран сатып алынды. Бұл техника тиеу-түсіру жұмыстарын жеңіл атқарып, 1520 мм калибрлі теміржолда апаттық жөндеу жұмыстарын жүргізуге арналған. Сонымен қатар жөндеу, құрылыс және монтаж жұмыстарына пайдаланылады.

Басты ерекшелігі, бұл кран -40°С-тан төмен температурада да жұмыс істей алады. Сол себепті Аягөз өңірінің қатаң табиғатында мейлінше тиімді. Бұл шаралардың сыртында жаңа кран жұмыстың өнімділігін арттырып қана қоймай, жұмысты аяқтауға кететін уақытты да айтарлықтай қысқартады.

Сол тәрізді қазіргі таңда жол жөндеу жұмыстарын тиімді жүргізетін арнайы машина алынды. Заманауи жаңа техника небары 8 сағаттың ішінде 100-ден аса шпалды ауыстыра алады. Бұл жолшылар жұмысын айтарлықтай жеңілдетті. Дәл қазір Нарбота станциясының аумағында жұмыс жүргізіп жатқан жол машинасына жолшылар дән риза.

Жалпы, техникалық әлеуетті жаңарту аясында соңғы уақыттардың өзінде теміржолшылар игілігі үшін жаңадан 13 көлік алыныпты. Соның ішінде аса күрделі жағдайда жұмыс істеу үшін бір «ЧЕТРА Т-35» бульдозері де жеткізілген. Сонымен қатар жолшыларға бұрыннан жақсы таныс РМ, Дуомат, Унимат, РШП және ПРСМ машиналарымен жол сауықтыру жұмыстары тиімді жүргізілуде.

Десек те, алдағы қатал маусымға орай жолды қар мен мұздан тазартатын техникалардың даярлығына баса мән берілуде. Бұл орайда желтоқсан айында басталатын қар сенбіліктері мен желі бойын ақ ұлпадан тазарту жұмыстарына СМ-2, СМ-7Н, СМ-5, ПСС-1 сынды қар тазалау техникасы мен қар жинағыш пойыздар даярлықтың соңғы сатысына келтірілді. Биылғы қысқы маусымға мұндай техниканың 13 бірлігі толық даярлықпен кіргізілмек. Мұнымен қатар бөлімше көлемінде ФРЭС-2, ЭСО-3 типті қар жинайтын техникалар арнайы бекітілген тепловоздардың көмегімен жұмыс істейді. Бұл техникалардың көмегі әсіресе Өскемен мен Аягөз өңірі және «солтүстік тармақ» аталатын ең күрделі Семей мен Локоть телімінің аралығы үшін тиімді болмақ.

*Суретті түсірген автор*

№88-89 (3127-3128) 24/10/2025

## ЗИМА НЕ ЗАСТАНЕТ ВРАСПЛОХ

БЕЗОПАСНОСТЬ

**Подготовка к зиме – одно из приоритетных направлений работы Алматинского отделения магистральной сети. От бесперебойного функционирования инфраструктуры напрямую зависит стабильное энергоснабжение и безопасность движения поездов.**

**Елена КОЛДАСБАЕВА,**
Алматы




Алматинское отделение завершает комплекс плановых мероприятий по обеспечению надежной работы в условиях низких температур. Проведены внеплановые осмотры и техническое обслуживание насосных станций, систем автоматики и электроснабжения. Особое внимание уделено участкам, расположенным в зонах повышенного риска обледенения.

Сформированы оперативные группы, оснащенные техникой, материалами и зимней спецодеждой. Разработаны маршруты быстрого доступа к ключевым объектам. Создан резерв необходимых материалов – труб, арматуры, теплоносителей, ГСМ и другого имущества для оперативного реагирования в случае нештатных ситуаций.

Этой зимой к выполнению производственных задач приступят 298 первозимников – молодых специалистов, впервые работающих в зимний период. Для их безопасности и адаптации разработан специальный комплекс мероприятий: проведены курсы по технике безопасности, действиям в условиях низких температур и особенностям зимней эксплуатации объектов. За каждым новичком закреплены опытные наставники.

– Работа зимой требует повышенной ответственности и командного взаимодействия. Уверен, что первозимники успешно справятся с задачами и достойно проявят себя в непростых погодных условиях, – отметил первый заместитель директора Алматинского отделения магистральной сети Адил Дуйсеев.

Все автотранспортные средства и специализированная техника прошли техническое обслуживание: заменены масла и жидкости, проверены аккумуляторы, системы обогрева и освещения. Особое внимание уделено снегоуборочной технике.

Станция Актогай традиционно входит в число самых сложных участков зимой – здесь часто случаются снежные заносы и бураны. Поэтому особое внимание уделено проверке готовности техники, формированию оперативных бригад и уточнению схем реагирования при ограниченной видимости. Определены места базирования машин для быстрой очистки подъездных путей и производственных площадок.

Не менее напряженный участок – станция Достык, где характерны резкие перепады температуры и обильные осадки. Здесь усилена готовность дежурных бригад, проверено состояние путевого хозяйства, систем связи и энергоснабжения, а также обеспечен запас противогололедных материалов.

Регион обеспечен техническим углем на 67% от плановой потребности. Поставки продолжаются в плановом режиме, контроль запасов ведется ежедневно совместно со специалистами и поставщиками. Все котельные объекты подготовлены на 100% – проведены промывка, опрессовка и профилактика систем. Хозяйственные здания готовы на 97%, выполнены утепление, герметизация и ремонт кровли.

Как отмечает руководство отделения, основные мероприятия выполнены в срок, ключевые объекты приведены в рабочее состояние. Остаточные работы не повлияют на общую готовность.

*Фото автора*

## Проект

## ЛОКОМОТИВЩИКИ СЕЛИ ЗА ПАРТЫ

**В Караганде началось обучение и обмен опытом первой группы из 20 работников локомотивного хозяйства в рамках Корпоративной программы развития ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки». Инициатива реализуется в поддержку объявленного в стране Года рабочих профессий.**

**Алинур КУДАЙБЕРГЕНУЛЫ,**
Караганда

В проекте участвуют 280 сотрудников из всех регионов Казахстана. Они распределены на 14 региональных групп, в состав которых вошли представители локомотивного и грузового хозяйств.

Программа направлена на развитие профессиональных и лидерских компетенций, укрепление корпоративной культуры и обмен опытом между регионами. В рамках обучения участники представляют собственные проекты и презентации, а лучшие решения будут рекомендованы к внедрению на предприятиях компании.

Реализация программы способствует выявлению и поддержке инициативных сотрудников, формированию кадрового потенциала и повышению эффективности производственных процессов в ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки».

## ИНТЕЛЛЕКТ НА РЕЛЬСАХ

**Искусственный интеллект перестал быть абстракцией. В АО «НК «Қазақстан темір жолы» он уже помогает прогнозировать неисправности, планировать движение и ускорять принятие решений. Интеллектуальные технологии становятся новым конкурентным преимуществом национального перевозчика.**

**Руслан РАХМЕТОВ,**
Астана

Одним из наиболее показательных примеров применения ИИ в ҚТЖ стал пилотный проект по умной диагностике инфраструктуры и планированию ремонтов.

Данная система анализирует более 500 000 гигабайт данных о состоянии путей и оборудования. Это позволило сократить срок устранения дефектов с 15 до одного дня, а скорость планирования ремонтов – увеличить почти вдвое.

– Мы видим, как искусственный интеллект помогает не просто автоматизировать работу, а повышать скорость и точность принятия решения и повышать безопасность. Это реальный результат, а не демонстрация технологий, – отметил исполняющий обязанности директора филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция автоматизации и цифровизации» Мурат Ахметов.

Современные решения на основе искусственного интеллекта внедряются и в планирование движения поездов. Системы подобного класса могут перепланировать график за минуты, повышая точность прибытия до 95% и пропускную способность сети на 5%.

Искусственный интеллект учитывает сотни факторов – от погодных условий до текущей загруженности участков, предлагая диспетчеру оптимальные решения.

– Внедрение подобного класса систем позволяет автоматически произвести расчеты без потери точности, тем самым сэкономить время и ресурсы, – подчеркнул Мурат Ахметов.

ҚТЖ активно внедряет ИИ-помощников, которые уже обрабатывают свыше 5 000 нормативно-технических документов. Модели обучаются на внутренней документации и помогают сотрудникам находить нужную информацию за секунды.

Параллельно работает модуль аналитики потоков, анализирующий более миллиона гигабайт данных. Данный модуль позволяет выявляет аномалии в перевозках и схемы обхода, что помогает снижать потери и повышать эффективность перевозок.

Кроме того, ҚТЖ строит интеллектуальную железную дорогу, объединяя в одну экосистему интеллектуальную инфраструктуру, интеллектуальную диагностику, интеллектуальное движение и единую ИИ-платформу.

– Искусственный интеллект для нас – это не просто технология. Это новая философия управления. Мы создаем систему, где данные превращаются в решения, а транспорт становится умным и предсказуемым, вместе с тем на железной дороге Казахстана интеллект действительно работает – ежедневно, точно и с пользой, – подчеркнул Мурат Ахметов.

## ВОДОЙ И ПЕНОЙ

УЧЕНИЯ

**Плановое тактическое учение совместно с ДЧС ВКО провел личный состав пожарного поезда на станции Оскемен-1.**

**Ольга УШАКОВА,**
Усть-Каменогорск



По легенде, в одном из вагонов, перевозивших опасные грузы – легковоспламеняющиеся и горючие жидкости, произошло возгорание. Совместными усилиями железнодорожные и спасательные службы отрабатывали действия по тушению и локализации последствий чрезвычайной ситуации. К счастью, пожар был учебным.

По информации начальника пожарного поезда на станции Оскемен-1 Муханбета Омирбекова, учения проводились в соответствии с приказом заместителя директора Семейского отделения грузовых перевозок по Оскеменскому региону Марата Уалиева. Личный состав действовал строго по отработанной схеме. В 10:20 его подняли по тревоге, а через 20 с небольшим минут пожарный поезд после подачи локомотива отправился с места дислокации. В 10:58 он прибыл к месту условного пожара, на путь № 132.

Как и полагается в таких ситуациях, борьба с огнем началась с разведки пожара и боевого развертывания. Это заняло считанные минуты, и в 11:06 участники учений приступили к тушению условного пожара. А он, по легенде, распространился на площадь в сотню квадратных метров. С учетом химических свойств опасного груза в битве с огнем использовали не только воду – 17 тонн, но и специальную пену. В 11:30 огонь уже удалось локализовать – не допустить его дальнейшего распространения. Еще через 15 минут пожар был потушен. После общего построения личного состава, разбора и подведения итогов пожарный поезд отправился на заправку, а потом, в 13:10, прибыл на место дислокации.

В тактических учениях принимали участие всего 37 человек и пять единиц техники. Подобные учения имеют огромное значение: они позволяют проверить готовность личного состава к действиям в условиях, максимально приближенных к реальным, отработать взаимодействие всех служб. Здесь важно убедиться – люди и техника сработают слаженно. А значит, смогут справиться с любой нештатной ситуацией.

*Фото ДЧС ВКО*

## *Уважаемые железнодорожники и ветераны отрасли!*



*От имени отраслевого Профсоюза сердечно поздравляю вас с одним из значимых праздников нашей страны – Днем Республики Казахстан!*

*25 октября 1990 года, с принятием Декларации о государственном суверенитете, был заложен фундамент независимого Казахстана – свободного, сильного и устремленного в будущее государства.*

*В этот светлый и значимый для каждого казахстанца день хочу выразить искренние поздравления всем железнодорожникам, их семьям, а также всем гражданам нашей страны. Пусть в ваших домах царят мир и благополучие, пусть каждый день приносит радость, здоровье и новые достижения во благо процветания нашей Родины!*

*С праздником!*

***Оразгали АХМЕТБАЕВ,***
***председатель ОО «Казпрофтранс»***

## ТМТМ НАБИРАЕТ ТЕМП

**Айлин БАУРЖАН,**
Астана

СОТРУДНИЧЕСТВО

**В Казахстане и Азербайджане продолжается системная работа по развитию Среднего коридора – ключевого транспортно-логистического маршрута, соединяющего Китай и страны Центральной Азии с государствами Европы.**

Советник Президента Казахстана Асел Жанасова представила план дальнейшего развития направления, в котором предусмотрены меры по повышению пропускной способности, сокращению сроков доставки и устранению узких мест на маршруте.

Сегодня Средний коридор демонстрирует устойчивый рост: объем перевозок из Китая в Азербайджан увеличивается ежегодно, а время транзита грузов от китайской границы до портов Грузии сократилось до 15-18 дней. По прогнозам, к 2030 году грузопотоки по этому направлению могут утроиться.

Ключевым направлением работы остается Транскаспийский международный транспортный маршрут (ТМТМ). За последний год объем перевозок по нему вырос на 62% и достиг 4,5 миллиона тонн. Совместно с зарубежными партнерами ведется работа по унификации тарифов и синхронизации логистических процессов вдоль всего коридора, что позволит повысить его конкурентоспособность и увеличить объем перевозок до 10 миллионов тонн в год.

Большое внимание уделяется развитию портовой инфраструктуры. В Казахстане строится контейнерный хаб в Актау, а в азербайджанском порту Алят планируется создание нового грузового терминала с участием международных партнеров. Также рассматривается проект создания новой Транскаспийской паромной системы для увеличения экспортных возможностей.

Развитие Среднего коридора укрепляет позиции Казахстана и Азербайджана в качестве важных звеньев Евразийского транспортного пространства и открывает новые возможности для роста транзитного потенциала региона.

## ОКНО В ЛОГИСТИЧЕСКИЙ ХАБ

**Светлана МОГАЙ,**
Караганда

ИНФРАСТРУКТУРА

**В Караганде запланировано строительство специального подъездного железнодорожного пути. Он пройдет от магистральной железной дороги к местному аэропорту Сары-Арка. Его протяженность составит около 26 километров.**

В этом же месте появится новый топливозаправочный комплекс, объем которого составит 6 000 кубических метров. Подобные меры расширят возможности воздушной гавани Карагандинского региона и превратят ее в крупнейший мультимодальный хаб Казахстана. В случае если перевозки грузов будут использовать несколько видов транспорта, то объем обрабатываемых товаров будет увеличен с 15 000 до 200 000 тонн в год.

После строительства подъездного пути на территории аэропорта появятся новые склады открытого и закрытого типа. На сегодняшний день карагандинский аэропорт занимает второе место в Казахстане по обработке коммерческих грузов.

– Ни для кого не секрет, что специальный подъездной железнодорожный путь необходим для обслуживания предприятий, соединяя их с общей сетью железных дорог. Благодаря ему осуществляется бесперебойная погрузка и выгрузка грузов, маневровая работа и рациональное использование подвижного состава, а также логистика между промышленным объектом и контрагентами, – пояснил главный ревизор департамента безопасности движения АО «НК «ҚТЖ» по Карагандинскому участку Булатбек Альмурзаев.

Как известно, подъездные пути соединяют промышленные станции, склады или пункты разгрузки/погрузки с магистральной железной дорогой. Они предназначены для обслуживания определенных грузоотправителей и грузополучателей на договорных условиях или для нужд собственного предприятия. Кроме того, они позволяют осуществлять оперативную логистику между предприятием и поставщиками/покупателями, обеспечивая непрерывное движение вагонов и их обработку на территории предприятия.

rail-news.kz

№88-89 (3127-3128) 24/10/2025

**Жуырда өткен «Жас үздік маман-2025» V республикалық кәсіби байқау қорытындысы өңір теміржолшыларына қуаныш сыйлады. Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінде еңбек ететін бірнеше маман үздіктер қатарынан көрінді.**



# ОРТАҚ ЖЕҢІС, ОРТАҚ АБЫРОЙ

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**
Қызылорда

Кәсіби конкурстың «Вокзал бойынша кезекші» номинациясында Арал теңізі вокзалының кезекшісі Зәмзәгүл Қарақұлова республикалық деңгейде 1-орынды иеленіп, аймақ абыройын асқақтатты.

Жолаушыларға қызмет көрсетуде жоғары сервис пен сапаны жоғары қойған Зәмзәгүлдің сонау Арал теңізіндегі үлгілі еңбегі еленіп, лайықты бағасын алды.

«Жол шебері» номинациясы бойынша Қызылорда жол дистанциясының жол шебері Жалғас Якубов та республикалық бәйгеде 1-орынды иеленіп, кәсіби шеберліктің биік үлгісін көрсетті. Жалғас – нағыз теміржолшы. Ол үшін әр шпал, әр рельс-пойыздар қозғалысының қауіпсіздігіне кепіл болатын сенім сызығы. Жол шеберінің міндеті қозғалыс қауіпсіздігінің мүлтіксіз сақталып, пойыздардың апатсыз жүрісін, қамтамасыз ету десек, Жалғас – осы деңгейден табылып отырғанын іспен дәлелдеген өз ісінің майталманы.

Сондай-ақ Қазалы жол дистанциясының жол шебері Бауыржан Қыпшақбаев конкурста 2-орынды иеленді. Оның жетекшілігіндегі телімде қозғалыс қауіпсіздігі әрдайым жоғары деңгейде. Тәжірибелі шебердің жұмысы – жас мамандар үшін нағыз өнеге мектебі.

Қызылорда магистральдық желі бөлімшесінің директоры Ербол Сәулебеков бастаған аймақ теміржолшылары, кәсіподақ жетекшілері Астанадан оралған жеңімпаздарды салтанатты түрде қарсы алып, құрмет көрсетті. Кәсіподақ ұйымы тарапынан алғыс хат пен марапаттар табыс етілді.

– Құрмет төрінде тұру оңай емес. Ол – жылдар бойғы маңдай тер мен кәсібіне деген адалдықтың нәтижесі. Әріптестеріміздің бұл жетістігі – бүкіл аймақ теміржолшыларының ортақ жеңісі, ортақ абыройы, – деді бөлімше басшысы.

*Суретті түсірген автор*

ЖҰМЫСШЫ МАМАНДЫҚТАР ЖЫЛЫ

# ТӘЖІРИБЕЛІ ТӘЛІМГЕРГЕ ТАҒЗЫМ

**Талабы жоғары, табандылықпен қатар қырағылықты қажет ететін теміржол саласында жас толқын үшін тәлімгер аға буынның тәжірибесі аса қажет.**

**Айназ СЫРЫМБЕТ,**
Шу станциясы

Жамбыл вагон пайдалану депосының Шу станциясындағы техникалық қызмет көрсету орталығына келген жас мамандар аға вагон қараушы Әлім Жавтуковті өздеріне ұстаз санайды. Өйткені табаны күректей қырық жыл осы жерде тапжылмай еңбек етіп келе жатқан тәжірибелі вагоншы – осы уақыт ішінде бірнеше буынды еңбекке баулып, тәрбиелеген маман.

Міне бүгін ардагер-теміржолшы зейнет жасына толуына орай, депо басшылығы арнайы келіп құттықтап, кәсіподақ ұйымы атынан сый-сияпат жасап, құрметті демалысқа шығарып салды.

Теміржолшылар әулетінде өскен Әлім Қадысұлы 1983 жылы Алматы теміржол техникумын «Вагон шаруашылығы» мамандығы бойынша бітіріп, екі жыл әскери борышын өтеп келгеннен кейін туған жерге оралып, Шудағы вагон пайдалану депосына слесарь болып жұмысқа орналасады. Содан бергі уақытта вагон қараушыдан аға вагон қараушыға ауысқанымен, табан аудармай осы жерде еңбек етіпті. 1987 жылы Ташкент қаласында біліктілікті арттыру курсына қатысып, «Беларусьтік әдісті» қорғап шыққан. «Бұл оқу маған тәжірибемді шыңдап, теориялық тұрғыда білімімді арттыруға мүмкіндік берді», – дейді кейіпкеріміз. Штаттан тыс қоғамдық инспектор ретінде де жетістікке жетіп, 2007 жылы «Еңбек қорғау жөніндегі үздік қоғамдық инспектор» атанған. Жоғары басшылық тарапынан бірнеше рет Құрмет грамотасы мен Алғыс хатқа ие болды. 2022 жылы Астанада өткен «Қазақстан темір жолы» ҰК» АҚ-ның 25 жылдығына арналған салтанатты жиынға арнайы шақырылып, мерейтойлық медальмен марапатталды. Өткен жылы 120 жылдық төсбелгі тақты.



Ардагер теміржолшы қырық жыл тер төккен адал еңбектің өтеуін көру де бір бақыт екенін айтады. Тәжірибелі тәлімгердің шәкірттері сөз алып, ұстаздарына деген құрметтерін жеткізіп, қырық жылғы бейнеттің зейнетің көріңіз деген тілектерін жеткізді.

*Суретті түсірген автор*

# ЖОЛАУШЫ ҚЫЗМЕТІНДЕ

**Нұржамал Райымханова – теміржол саласына 35 жылын арнаған кәсіби маман. Ол Ақтөбе теміржол вокзалында билет кассирі болып еңбек етеді. Өмірін жолаушы қызметіне арнаған ол – өз ісіне берілген, теміржолшылардың адал еңбегін айқындайтын кейіпкер.**

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**
Ақтөбе

